



Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№11 (8046) 11. 03. 2023.
Сенбі / Суббота



ликпен ашылды. Әрмен қарай өңір басшысы әйелдер қауымын төл мерекелерімен құттықтап, жүрекжарды тілектерін арнады.

Сонымен қатар көп балалы аналарымызға алтын және күміс алқа төсбелгілерін

Аудандық З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінің өнерпаздары кешіміздің сәнін келтіріп, әншілеріміз құлақ құрышын қандыраар әндерін шырқап, бишілеріміздің өнерін тамашаладық.

Алақөл компаниялар бірлестігінің төрағасы Е.Кәрімұлының демеушілігімен сұлу да сымбатты жандардың құрметіне арнайы кеш қонағы ретінде әнші Саят Медеуов ағамыз келіп, аруларға көңіл-күй мен қуаныш сыйлады.

«Ғасыр әжені» құттықтады



Белі қайысқанша еңбек етіп, ұрпағын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, мейірімін төккен әжелердің орны қазақ қоғамында әрқашан ерек тұрады. Қызын қияға, ұлын ұяға қондырған әже ұрпақ тәрбиесіне де, дәстүрдің сақталуына да ықпалы зор.

Көпті көрген, өмірден түйгені мол кеиуана қашанда қастерлі. Жұмақтың кілті ананың аяғының астында десек, ғасыр жасаған ананың өзі ұрпағы үшін жұмаққа айналған!

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні қарсаңында аудан әкімі А.Абдинов ғасыр әже атанған кеиуаның баспанасына барып, 100 жасаған әжені құттықтап қайтты. Ұшарал қаласында тұратын Абдрахманова Мәрзия атты әжеміздің үйіне аудан әкімі А.Абдинов, аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов және Ұшарал қаласының әкімі М.Сайдильдинов бірге келді. Бір құшақ гүл мен бір себет тәттілерді құшақтаған азаматтар көпті көрген әженің көңілін бір марқайтып тастады. Қуанышын жасырмаған әже аудан әкіміне алғысын жаудырды. Үлкеннен бата алмай кетпейтін қазақ, әрине, 100 жасаған әженің ақ батасын сұрап, қол жайды. Дастархан басына шақырған кеиуана қонақтарына ақ бата беріп, ел тыныштығы мен ұлт амандығын тіледі.

Өз тілшіміз.

Салтанатты қабылдау

«Анаңды меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызыңды өтей алмайсың», - дейді дана халқымыз. Үлкенді сыйлау бәріміздің міндетіміз болса, ал аяулы аналарды құрметтеу - парызымыз.

Ана деген - Алладан кейінгі бас иетін тұлғамыз. Оларға әлемнің барлық жылы сөздері мен теңеуін айтсақ та аздық етеді. Осындай құрметке лайық нәзік жандыларды аудан әкімі А.Абдинов «8 - наурыз Халықаралық әйелдер күні» қарсаңында ізгі тілегін білдіріп, «Ана - өмірдің шуағы» атты мерекелік қабылдауын өткізді.

Салтанатты шара ауданның белсенді азаматтарының арнайы дайындаған ақ жарма тілектері жинақталған бейнеро-



табыстап, ауданның түрлі саласында қызмет ететін, сондай-ақ белсенді қыз-келіншектерімізді Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапаттап, сыйлықтар берілді.

Салтанатты кешке арнайы гүлдер көрмесі мен сурет алаңы ұйымдастырылып, келген қонақтарға мереке лебін сездіре білді.

Ж.КУМПЕИСОВА.

Мекемелер марапатталды

Алғыс айту күніне орай аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен ауданның мәдениет қызметкерлері бірігіп, маңызды мекемелерді арнайы құттықтап, сый-сияпат жасады.

Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері жұмыс күні бастала салысымен аудандық маңызы бар мекемелерді аралауға кірісті. Алдымен «Алақөлжылу» коммуналдық мекемесіне ат басын бұрған мәдениет қызметкерлері мекеме жұмысымен танысып, басшылық топқа аудан әкімінің Алғыс хатын табыстады. Сон-

дай-ақ Алақөл ауданының 90 жылдығына орай арнайы аудан тарихы туралы жазылған кітаптарды сыйға тартты.

Содан кейін мәдениет қызметкерлері «Алақөл электр желілері» мекемесіне барып, құттықтап қайтты. Сондай-ақ «Алақөл су», Ұшарал қаласындағы өрт сөндіру бөлімі, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, аудандық аурухана мен ішкі істер бөліміне барып, сый-сияпат көрсетті. Мекеме қызметкерлеріне жұмысына адалдық, халыққа маңызды іспен айналысуда күш-жігері сарқылмауын тіледі.

А.ӘБИТҰЛЫ.

Личный прием



очередности на жилье, интересуются когда они получают заветные квадратные метры, сетуя на необходимость получения собственного жилья. Ведь в течении нескольких лет ввода в эксплуатацию социального жилья не велось. И только со второй половины прошедше-

Насущные вопросы

Недавно акимом района А. Абдиновым был проведен личный прием граждан. Пришедшие жители обратились с насущными проблемами и вопросами.

Круг обращений был достаточно актуален, это жилищный и земельный вопросы. Необходимо отметить, что жилищный вопрос поднимается почти на каждом приеме граждан. Многие из обратившихся приходят с вопросами по поводу

го года, после завершения возведения многоэтажных жилых домов в восточной части города Ушарал началась выдача квартир в райцентре. Все они выдаются в установленном порядке.

В целом, прием граждан прошел достаточно плодотворно. Обратившиеся жители района получили ценную информацию и консультации из первых уст.

Ш. НУКЕБАЕВА.



